

## **«Веренка ЖНББМ» КММ педагог-психологының 2023-2024 оқу жылғы психологиялық қызмет бойыншаатқарылған жұмысының талдауы**

**«Веренка ЖНББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
психологиялық қызметтің маңсаты:** Білім беру үйымдарында білім  
алушылардың психологиялық денсаулығын сактау, қолайлы әлеуметтік-  
психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға  
психологиялық қолдау көрсету.

### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1. білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін- өзі тәрбиелеу және өзін- өзі дамыту қабілетін қалыптастыру.
2. Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету.
3. білім алушылардың тұлғасын психологиялық- педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету.
4. психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.
5. Психологиялық қыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру.
6. психологиялық проблемаларды шешуде және оқу- тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету.
7. білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық- педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ директоры бекіткен жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Мектепте психологиялық кабинет бар. Психологиялық қызмет 6 бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- I. Диагностика
- II. Түзету-дамыту жұмысы
- III. Профилактика және психологиялық ағарту
- IV. Кеңес беру
- V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс
- VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

Мектеп психологі ретінде окушы, мұғалім және ата-ана үштік одағымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаймын.

1. Бастауыш сынып 1-4
1. Орта буын 5-8

3. Жоғарғы буын 9-11

Педагогикалық ұжым

Ата-ана

Окушылар, ата-аналар, педагогтармен жүргізілген жұмыстарына жекелей тоқталып кетер болсақ, 1-9 сынып окушыларына жас ерекшеліктеріне қарай психодиагностикалық, психологиялық кеңес, психопрофилактика, психокоррекция жұмыстары қажеттілігіне орай жүргізіліп отырды. Мысалы, бастауыш буындарға танымдық қабілеттеріне, жанұясымен, сыныптастарымен өзара қарым-қатынастарына, мектеп мотивтеріне, пәнге, окудан тыс қызығушылықтары мен бейімдеріне диагностикалық, дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Орта буындарға мектеп мазасыздығын анықтап, сыныптастарымен тұлға аралық қарым-қатынас, сауалнама анкеталар, тәрбиелік бағыттағы топтық шаралар жүргізілді. Жоғарғы буындарға кәсіптік бағыттарын айқындау, тұлғалық коммуникативтік сапаларын мен адамгершілік сапаларын дамыту мақсатында профилактикалық шаралар өтті.

Сабактастық жұмыс жоспары бойынша мектеп алды даярлық тобы мен 1 сынып арасында, бастауыш сынып пен орта буын арасында, 5-10 сыныптар арасында түрлі әдістемелер, сауалнамалар, өткізілді. МАД тобына, 1 сынып, 5 сынып, 10 сыныптың сабактарына қатысып окушыларды бақылап оқуға деген қызығушылық деңгейлерін бақыладым. Ал, осы сабактастық жоспарына сай диагностикалық жұмыстарға тоқтала кететін болсам 1 сынып окушыларының мектепке, оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында «Мектепке дайындық деңгей бағдары Керн-Йирасек» атты тест өткізілді. Қорытындысы бойынша 1сыныптың мектепке дайындық деңгейі қалыпты екенін көрсетті.

Қыркүйек айының 6 күні 1 ә сынып окушыларынан мектепке, оқуға деген дайындық деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі алынды. Әдістемеге 15 оқушы қатысты. Бұл тест 3 тапсырмадан тұрады.

- Ер адам тұлғасын салу
- Жазба әріптерін салып, көшіру
- Нұктелер тобын салу

Бұл тесттің тиімді жағы — балалардың мектепте оқуға дайындығын анықтауға жалпы бағдар беретіндігінде. Сонымен қатар, оқуға қажет саусақтардың нәзік қимыларының үйлесімділігін, зейінді бағытты ұстаудың және үлкендердің түсіндіргені бойынша баланың өз әрекеттерін ұйымдастыра алатындығы анықталады.

## 1. Бағалау шкаласы.

- Суретте адамның басы, мойны, денесі, аяқ-қолы салынған, басы мен денесінің пропорциясы сақталған, шашы, бет мүшелері толық көрсетілген, үстіне ер адамның киімі кигізілген болса, фигура біртұтас болып салынса — 1 балл деп бағаланады.
- Басы, бет мүшелері, денесі, аяқ-қолы салынған, бірақ шашы, мойны, қолының бір саусағы жетпесе — 2 балл.
- Басы, денесі, аяқ-қолы салынған, ал шашы, мойны, құлағы, киімі, саусақтары салынбаған болса — 3 балл.
- Өте қарапайым, дene мен басы жобаланған сурет — 4 балл.
- Денені анық көрсетпеген, бас қолдың белгісі бар суретке — 5 балл.

Екінші тапсырма бойынша бағалау шкаласы.

- Көшіріп салынған әріптер үлгіге өте ұқсас, әріптердің үлкендігі үлгідегіден екі еседен аспайтын, бірінші әріп басқалардан үлкенірек болып

салынған (бас әріптің белгісі тәрізді) және олар горизонталды сзық бойымен жазылғанға жақын болып түссе бұл жұмысқа — 1 балл қойылады.

- Үлгі анық көшірілген, әріптер размері және горизонталдық орналасуы нашар — 2 балл.
- Көшіру барысында сөзді үш-төртке бөліп жазған, төрт әріпке дейін түсінуге болады — 3 балл.
- Үлгіге ең болмаса екі әріп ұқсаған, көшірме бір қатарға түсірілген деп айтуға болады — 4 балл.
- Шимайлар — 5 балл.

Үшінші тапсырма бойынша бағалау шкаласы:

- ою-өрнек дәл орындалса-4 балл (қолы дірілдегені, жұмыс лас орындалғаны қате деп есептелмейді)
- Бір сзық дұрыс жүргізілмесе — 3 балл.
- Бірнеше қате жіберілсе — 2 балл.
- Кейбір элементтері ғана нұсқауға келсе — 1 балл.
- Ешқандай ұқастық болмаса-0 балл

Бала жұмысты өз бетімен жалғастырса оның салған өрнектері осы шкала бойынша бағаланып онда жинаған ұпайлар жалпы баллға қосылады.

Баланың әр тапсырманы психология сөзі бойынша және өз бетімен орындағандарының баллдарын қосу арқылы қорытынды бағасы шығарылады. Жалпы бал 0 (ең төменгі көрсеткіш) дең 16-ға (ең жоғарғы көрсеткіш) дейін болады. жоғарғы көрсеткіштер баланың сөзбен түсіндірген тапсырманы орындаған алатындығын және майда қымыл әрекеттерінің жетілгенін көрсетеді.

**Сынып жетекшіге ұсыныс:** Жалпы оқушылардың мектепке дайындығы жақсы. Қаболда Ералы мен Мижат Айбекпен жұмыс жасау керек. Қыркүйек айының 7 күні 1 а сынып оқушыларынан мектепке, окуға деген дайындық деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йиразек әдістемесі алынды. Әдістемеге 19 оқушы қатысты. Бұл тест 3 тапсырмадан тұрады.

Бала жұмысты өз бетімен жалғастырса оның салған өрнектері осы шкала бойынша бағаланып онда жинаған ұпайлар жалпы баллға қосылады.

Баланың әр тапсырманы психология сөзі бойынша және өз бетімен орындағандарының баллдарын қосу арқылы қорытынды бағасы шығарылады. Жалпы бал 0 (ең төменгі көрсеткіш) дең 16-ға (ең жоғарғы көрсеткіш) дейін болады. жоғарғы көрсеткіштер баланың сөзбен түсіндірген тапсырманы орындаған алатындығын және майда қымыл әрекеттерінің жетілгенін көрсетеді.

**Сынып жетекшіге ұсыныс:** Жалпы оқушылардың мектепке дайындығы жақсы. Бахытхан Санжар, Серік Алимен жұмыс жасау керек.

Қазан наурыз айларында «Коррекатура жасап көру», Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт», Е.Е.Кравцовтың «Кім үлкен», Мен не білемін әдістемелер алынып, текстеріліп, қорытындысы шығарылды. Жалпы алғанда оқушылардың зейіні тұрақты, ойлау мен логикалық процестері қалыпты екені анықталып отыр. 2-4 сынып оқушыларынан қыркүйек мамыр айларында оқу мотивациясын жақсарту ойын-жаттығулары, «Пиктограмма», «Социометрия», «Әңгіме құрайық» Ақыл-ой деңгейін зерттеу З.Ф.Замбиявич әдістемесі, «Жануарлар мектебі», Де-Грефэ бойынша оқушының өзіндік бағасын анықтау әдістемелері

алынды. Осы әдістемелерге қоса «Бұзылған телефон», «Түйме», «Көп және біреу», «Сөйлемді аяқта», «Төртіншісі артық», «Алып бер», «Гүл», «Мақтаншак» түзету дамыту ойындары мен жаттығлары жүргізілді. Қыркүйек айының 21 күні 5 сыйып окушыларының оку мотивациясы, мектеп мотивациясы және пәнге көзқарасты анықтау мақсатында «Түймедақ» әдістемесі алынды. Әдістеме топпен жүргізіледі. Оку пәндеріне деген көзқарастарын түймедақ күлтелеріне салып, түрлі түсті бояулармен бояу керек.

Жалпы жыл бойы 1-9 сыйып окушыларына буллинг, кибербуллинг темекі шегу, нашақорлық, алкогольдік ішімдікті пайдалану сияқты заттардың адам ағzasына тигізетін зиянының орасан зор екендігі түсіндіріліп, оларға түрлі видеолар, қысқаша фильмдер көрсетіп окушыларымыздың санасына жеткізу мақсатында жұмыс жасадық. Буллингтың алдын-алу бойынша да жыл бойына жоспарға сәйкес жұмыс жасалды. Атап айттын болсақ қыркүйек айында 6-9 сыйып «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Буллингтен өзінді қалай қорғау жолдары айтылды. Қараша айында «Буллинг деген не?» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмысы жүргізіліп, баяндама оқылыш Ата –аналар тарапынан да сұраптар қойылып, өз ойларын айтты.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінде 2024 жылдың аудандық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес «Ата-аналардың булинг, кибербулинг, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша сауаттылығын арттыру» тақырыбында шебер сыйып өткізілді. Аталмыш шарага, 1-11 сыйыптың ата-аналар комитеттері мен сыйып жетекшілер қатысты. Директордың тәрбие ісі жкніндегі орынбасары А.И.Карсыбаева «Буллинг пен кибербулинг» терминдеріне түсінік беріп, оның салдары мен себептерін түсіндірді. «Булинг» тақырыбында бейнеролик көрсетіп ата-аналармен бірге талқылады. Мектеп психологы А.Ш. Нұрсултанова тренинг үйымдастырып, ата-аналарға жадынама таратты. Сонымен қатар 1-6 сыйып жетекшілері ата-аналарға арналған «Бала мен ата-ананың қарым-қатынасы» тақырыбында шебер сыйып өткізді.

2023-2024 оку жылдың наурыз айының 11 – 15 күндері аралығында теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу тақырыбында 8-9 сыйыптармен дөңгелек үстел үйымдастырылып өтті. Адам үшін өмірдің маңыздылығын жан-жақты ашып, саралап, пайдаланып, талдай отырып, өмірдің құндылығы, өмірге деген сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Окушыларға іс-шара кезінде ДТДЖО А. Аманкосов тақырыппен таныстырып, мақсатын түсіндірдіріп, окушылардың жалпы тақырып бойынша сұраптар қою арқылы білімдерін анықтап алды. Мектеп психологы А. Нұрсултанова окушыларға әлеуметтік желі арқылы әр түрлі сайттардың түрлері мен сақтану жолдарына тоқталып, кірген жағдайда қалай анықталып, оның салдары заң жүзінде қандай іс әрекеттер жасалып, жазаланатыны туралы толық мағұлымат берді. 8-10 сыйып окушыларына тарих пәнінен сабак беретін мұғалімдер Н.Еркінбеков, С.Батыршаева, З.Абиева ұстаздар осы сайт арқылы әр түрлі діни ағымдарға кіріп, имани білімдерінің жоқтығынан қаншама жасөспірімдер мен жастардың адасып, өмірлерін қауіп пен қатерге тігіп, отбасы мен елінінен қол үзіп, діннің саяси құрбанына

айналып жатқандарын білмейтіндіктеріне нақты мысалдар келтіріп, түсіндірді. Сұрақтар арқылы оқушыларға қандай діни ағымдарды білетіндіктерін, адам ол жолға түскенде сөзінен, іс-әрекетінен қалай анықтауға болатындығына тоқталып, қауіптің алдын алу жолдарын қатаң ескертті. Қорытындылай келе оқушылар өз ойларымен бөлісіп, түсінбеген сұрақтарын қойып, болашақта сақтану үшін не істеу керек екендігін талқылап, өмірін сақтау жолдарын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінде сәуір айының 3 –і күні тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес, оқушыларға буллинг пен кибербуллинг тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Аманкосов пен мектеп психологі А. Нурсултанов түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Буллинг пен кибербуллингтің белгілері қандай, ондай жағдайда қалай қорғану керек деген сұрақтарға жауап беру мақсатында арнайы бейнеролик қойылып, тақырып бойынша талқыланды. Оқушылар биллинг пен кибербуллинг жайлы түсініктерін кеңейтті, кибербуллингке ұшыраған жағдайда қандай әрекет жасау керек екендігін, қандай нөмерлерге хабарласу керек екендігін түсінді. Ағымдағы жылда «Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ де ай сайын балалар қауіпсіздігінің алдын -алу мақсатында Аккүдық ауылдық округінің участекілік полиция қызметкерлері мен аудандық ПБ инспекторы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады. Кездесу барысында оқушыларға жолда жүру ережелерін есте сақтауға, оны білу не үшін қажет екендігін айттып, жол ережесін бұзуға болмайтынын түсіндірді. Оқушылар сұрақтар қойып, жауап берді.

Қазан айында Қөксу ауданы прокуратурасы мен ауданның білім бөлімінің хаттамалық тапсырмасы негізінде 7-9 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын- алу мақсатында кәмелетке жасы толмағандар ісі белімінің полиция лейтенанттымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түнге мезгілде көшеде жүрмеулерін, қаңғыбас бос иттерден сақтану, көлік, мотоцикл жүргізуге қатаң тыйым сала отырып ақыл-кеңес берілді.

Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықпен келеңсіз оқигалардың алдын -алу мақсатында уақытында түнгі рейд жұмыстары жүргізіліп отырады. Ақпан айында құқық бұзушылықтың, келеңсіз оқигалардың, нашақорлықтың алдын-алу мақсатында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі участекілік полиция инспекторы полиция қызметкерлерінің қатысуымен кездесу сағаты өткізілді. Түнгі сағат 21.00-00.00 аралығында «Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ-нің әкімшілігі мен мұғалімдерімен бірлескен рейд жұмыстары кесте бойынша үйымдастырылды. Түнгі рейд кезінде ауыл ішіндегі спорт аландарына, саябаққа, ауыл әкімшілігі жаңында орналасқан ардагерлер аллеясы мен дүкендерде рейд жүргізілді. Рейдке шығу кезінде мектеп оқушылары тарапынан түнгі уақытта бейmezgіл көшеде жүру, келеңсіз оқигалар мен құқықбұзушылық орын алған жоқ. Оқушыларға үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

2023-2024 оку жылында келенсіз оқиғалардың алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылыш, мектеп директорымен бекітілген. Осы жоспарға сәйкес қыркүйек күні ДТІЖО А.Аманкосов пен педагог-психолог А. Нурсултанова 7-9 сыныптар арасында «Өмір мәні...» тақырыбында дәңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға өздері қоғамның болашағы екендігін, сол болашақтың тағдыры осы өздерінің қолдарында екендігін ұғындыру. Ата –бабаларымыздың өснегтерін екі етпей орындауға, имандылыққа, мұсылмандыққа, жат қылыштардан аулақ болуға, өмірдің қын мәселелері шеше білуғе, басқа достарына көмектесе білуғе тәрбиелеу. Апта сайын сыннып жетекшілер сыннып сағаттарында оқыс оқиғалардың алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, іс-шараларын өткізіп отырады. Қараша айының 30-ы күні ДТІЖО мен педагог-психолог А. Нурсултанова 9-11 сынып оқушылар арасында келенсіз оқиғаның алдын-алу мақсатында «Өмір бір рет берілетін сый» тақырыбында әңгіме сағатын өткізді. Әңгіме сағатында балалар өз ойларын ашық түрде айтЫП, ойларымен бөлісті.

Қараша, желтоқсан және қаңтар айларында 5 сынып оқушыларына «Өзім туралы», «Мен және менің отбасым», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында коррекциялық сабактар өткізілді. Коррекциялық сабактың мақсаты бала бойындағы кемшіліктерді түзету болып табылады.

Өмірдің қымбат екенін түсіндіру мақсатында наурыз айының 7-9 сынып оқушыларына «Өмір қымбат сый» тренингі өткізілді. Түрлі сұрақтар қоя отырып, жауаптары берілді. Тренинг сонында «Менің мақсатым» атты бейнеролик көрсетілді. Оқушылар өз ойларын айтЫП, тренингтен жақсы көңіл-күймен қайтты.

Ақпан айында 6-9 сынып оқушыларынан «Буллинг туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сәуір айында «Буллингке ұшыраған балаға көмек» тақырыбында мектеп ұжымымен әңгіме сағаты өткізілді. Буллингке байланысты бейнеролик көрсетіліп, осы тақырып аясында әңгіме қозғалды. Әр мұғалім өз ойларын айтты. Жыл бойына оқушылар мен мектеп ұстаздарына «Буллинг және оны шешу жолдары» тақырыбында кеңес беріліп отырды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстардың барлығы мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланып, әр жұмыстың сонынан қорытынды жасалып, акпарат жазылып, жинақталып отыр. Келесі жаңа оку жылында жүргізілген жұмыстардың нәтижесін ескере отырып, жұмыстар толықтырылады.

Мектеп психологы:

А.Ш. Нурсултанова